

## Талдықорған қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 29-421 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы " Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасын бекіту туралы" № 964 қаулысына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Осы қаулының қосымшасына сәйкес Талдықорған қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

Қала әкімі

Б. Қарасаев

Талдықорған қаласы әкімдігінің 2016 жылғы "27  
" маусымдағы № 29-421 қаулысына қосымша

1) 2012 жылғы 6 ақпандағы "Талдықорған қаласы бойынша бас бостынадығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" № 3-85 ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылғы 22 ақпандағы № 2-1-155 тіркелген және 2012 жылғы 8 наурыздағы "Талдықорған" газетінің № 10 жарияланған);

2) 2012 жылғы 19 наурыздағы "Нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" № 7-218 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 2-1-158 тіркелген және 2012 жылғы 13 сәуірдегі "Талдықорған" газетінің № 15 жарияланған);

3) 2012 жылғы 21 мамырдағы "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" № 16-516 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылғы 11 маусымдағы № 2-1-165 тіркелген және 2012 жылғы 15 маусымдағы " Талдықорған" газетінің № 24 жарияланған);

4) 2012 жылғы 5 желтоқсандағы "Талдықорған қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы "Талдықорған қаласы бойынша бас бостынадығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" № 3-85 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" № 38-1215 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылғы 13 желтоқсандағы № 2245 тіркелген және 2012 жылғы 28 желтоқсандағы "Талдықорған" газетінің № 52 жарияланған);

5) 2014 жылғы 29 желтоқсандағы "Талдықорған қаласы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" № 39-1393 (нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 3006 тіркелген және 2015 жылғы 30 қаңтардағы "Талдықорған" газетінің № 5 жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК